

**Логопедтерге арналған
«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА
ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ
БОЙЫНША ЛОГОПЕД ҚЫЗМЕТІ» ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН
АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....
2. Глоссарий.....
3. Бағдарламаның тақырыбы.....
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау.....
9. Курстан кейінгі қолдау.....
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....

1. Жалпы ережелер

1. «Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау бойынша логопед қызметі» педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) логопедтерді дәстүрлі аудиториялық форматта оқытуды реттейді.

2. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру белсенді дамып келеді. Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық құжаттарға сәйкес «ерекше білім беруді қажет ететін балалар», «психологиялық-педагогикалық қолдау» және т.б. ұғымдар енгізілді. Халықаралық білім беру практикасында барлық білім алушылардың жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, кеңінен таралған сапалы білім алуға тең құқықтар қағидаты жалпы білім беретін мектеп педагогтерінен осы балаларға арнайы оқу жағдайларын жасауды және оларға тиісті психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуді талап етеді.

Жалпы білім беретін мектептердің логопедтері үшін жекелеген біліктілікті арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту мен мектеп педагогтері мен психологтарының ерекше білім беруді қажет ететін балаларды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауға жеткіліксіз түрде дайындығының арасындағы қарама-қайшылықтардың болуына байланысты. Жалпы білім беретін мектеп логопедтерінің кәсіби қажеттіліктерін талдау көптеген мамандардың біліктілікті арттыру курстары мен әдістемелік ұсынымдардан өздерінің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыруды маңызды ресурс ретінде қарастыратынын көрсетті.

Курстардың әзірленген білім беру бағдарламасы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмек көрсетуде мектептерді психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі логопедтерінің кәсіби жұмысының сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

3. Білім беру бағдарламасы балалардың білім алуда ерекше қажеттіліктерін анықтау (бағалау) және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ұйымдары жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуде логопедтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

| Ұғым | Ұғымның анықтамасы |
|------------------------------|---|
| Инклюзивті білім беру | Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» |

| | |
|---|--|
| | заңы); инклюзивті білім беру – кемсітушіліктің барлық түрлерін жоя отырып, әртүрлілік пен әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді құрметтей отырып, барлығына сапалы білім беруге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі (ЮНЕСКО); |
| Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) адамдар (балалар) | тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар); |
| Ерекше білім беру қажеттіліктері | онсыз сапалы білім алу мүмкін емес оқу-дамыту процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік; |
| Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау | ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау; |
| Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру | білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі ұйымдастырылған қызмет; |
| Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) | белгіленген тәртіппен расталған туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған ауруларға немесе жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар); |
| Әлеуметтік-психологиялық бейімдеу | мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамда қабылданған құндылықтар, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеру және қабылдау, мақсатты психологиялық және әлеуметтік қолдау процесінде еңбекке даярлау арқылы әлеуметтік орта жағдайларына белсенді бейімдеу; |
| Білім алуға арнайы жағдайлар | онсыз ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың) білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамыту және түзете-дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістері, техникалық, оқу және өзге де құралдар, тіршілік ету ортасы, психологиялық-педагогикалық қолдау, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар; |
| Білім беру үдерісін | медициналық диагноздар түрінде оқудың |

| | |
|--|--|
| ұйымдастыруда медициналық көзқарас | қиындықтарын бағалау, ал оқытуды арнайы білім беру ұйымдарына бөлектету және даму бұзылыстарын түзетуге негізделген көзқарас; |
| Білім беру үдерісін ұйымдастыруда әлеуметтік-педагогикалық көзқарас | оқу қиындықтарын психологиялық-педагогикалық бағалау және оқушының білім беру қажеттіліктерін анықтау, ал оқытуды арнайы жағдайлар жасау арқылы жалпы білім беру үдерісіне қосуға негізделген көзқарас; |
| Психологиялық-педагогикалық диагностика | Мектепте оқытудағы қиындықтардың себептері мен сипатын белгілеуге және дамушы психологиялық көмектің бағыттарын анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық әдістер, әдістемелер, тестілер кешені; |
| Оқытудың қиындықтарын психологиялық-педагогикалық жүйелеу | Оқу әрекетінің бұзылыстарының себептері, көріністері мен сипатын бағалаудың психологиялық-педагогикалық критерийлеріне негізделген оқытудағы әртүрлі қиындықтарды жүйелеу. |
| Жеке дамыту бағдарламасы | Білім алушыға психологиялық көмектің негізгі бағыттары мен мазмұнын ашатын бағдарлама: әдістер, тәсілдер мен технологиялар. |
| Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация | білім алуда ерекше қажеттіліктерін анықтау және бағалау, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарында оларды қанағаттандыру бойынша отбасылар, мұғалімдер, тәрбиешілер, мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарының мамандарына кеңес беру мақсатында әрекеттенетін әрі туғаннан 18 жасқа дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруді жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымы. |

Терминдердің өзектілігі олардың арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың соңғы өзгерістеріне сәйкестігіне негізделген.

3. Бағдарламаның тақырыбы

4. «Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау бойынша логопед қызметі» педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының оқу бағдарламасының отандық білім беру жүйесінде баламасы жоқ. Бағдарламаның жаңалығы жалпы білім беретін мектеп логопедінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар – мүмкіндіктері шектеулі: есту қабілеті, зиятында бұзылыстары бар, аутизм, психикалық дамуы тежелген, ауызша және жазбаша тілінің қатар жүретін бұзылыстары бар бірінші топтағы

балаларға түзете-дамыту көмек көрсету мазмұнының бірінші рет баяндалатындығымен байланысты. Бұл бағдарлама Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-қолданбалы зерттеулері аумағында ғылыми-тәжірибелік жұмыс негізінде жасалған. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасында алғаш рет логопедтің ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, автор өзінің ғылыми-эксперименттік жұмысының нәтижесінде әзірлеген жеке түзете-дамыту жұмысын жүргізу жөніндегі қызметінің тәртібі мен мазмұны баяндалады.

5. Бағдарламаның тақырыбы 12 тақырыпты зерттеуді қамтиды.

1-тақырып. Инклюзивті білім беру ұғымы, саясаты және әдістемесі.

2-тақырып. Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. Жалпы білім беруді реформалау мәнмәтінінде Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту.

3-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалар топтарының сипаттамасы. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру процесін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық тәсілдері.

4-тақырып. Білім беруде ерекше қажеттіліктердің сипаттамасы. Жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін арнайы жағдайларды ұйымдастыру.

5-тақырып. Білім беруде ерекше қажеттіліктерді бағалау және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау алгоритмі («12 қадам»).

6-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудың ерекше қиындықтарын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жүйелеу. Оқудағы қиындықтардың әр алуан түрлерінің сипаттамасы: себептері, сипаты, негізгі көріністері.

7-тақырып. Жалпы білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің балаларды оқытудағы қиындықтарын анықтау. Мектепте оқуда қиындықтары бар балаларды анықтау нәтижелерін құжаттау. Оқудағы қиындықтардың себептері мен сипаты туралы диагностикалық болжам жасау.

8-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды логопедиялық тексерудің мақсаты, міндеттері, қағидаттары мен кезеңдері. Логопедиялық тексерудің мазмұны: сөйлеудің барлық жақтарын – фонетикалық-фонематикалық және лексикалық-грамматикалық; фразалық және байланыстыра сөйлеу тілін зерттеуге арналған әдістер, әдістемелер және тестілер. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын диагностикалау. Тексеру нәтижелерін талдау және оқудағы қиындықтардың сипатын диагностикалау. Логопедиялық тексеру нәтижелерін құжатқа салу және талдау.

9-тақырып. Логопедтің ЕБҚ бар балаларға арналған жеке-дамыту бағдарламаларын жасап, оны іске асыруы: білім алушылармен логопедиялық жұмыстың бағыттары мен мақсаттарын (күтілетін нәтижелерін) және мазмұнын анықтау.

10-тақырып. Ерекше білім беру беруді қажет ететін балалармен жеке-дамыту жұмыстың мақсаты, міндеттері мен қағидаттары. Логопедпен сабақ өткізуге қойылатын шарттар мен талаптар.

11-тақырып. Сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары: сөйлеу тілінің ауыр түрде дамымауы (алалия), тұтығу, дизартрия, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары.

12-тақырып. Сөйлеу тілінің дамуында бұзылыстары бар: қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекеттесу (аутизмі бар), зияты, есту қабілетінде бұзылыстары бар мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі санаттарына логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

5. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау (бағалау) бойынша логопедтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, білім алушыларды жалпы білім беру ұйымдары жағдайында оқыту және логопедиялық қолдау қиындықтарының психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүргізу.

6. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларда жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдайлар жасау және оларды психологиялық-педагогикалық қолдау кезінде білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заң нормалары мен заңға тәуелді актілері туралы білімді пайдалану икемін қалыптастыру;

2) командалық тәсіл қағидаттарына сәйкес тыңдаушыларды жалпы білім беру ұйымдарында балалардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін терең психологиялық бағалау алгоритмдері және әдістерімен таныстыру;

3) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын жасау және оны іске асыру барысында психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының бір-бірімен, ата-аналармен, мұғалімдермен тиімді түрде өзара әрекет ету дағдылары және ынтымақтастығын жетілдіру;

4) білім алушыларды психологиялық тұрғыдан тексеру дағдыларын қалыптастыру; оқыту қиындықтарының себептері мен сипатын анықтау икемі;

5) ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін психологиялық көмек көрсетудің жеке-дамыту бағдарламаларын жасауды үйрету;

6) сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары бар: сөйлеу тілінің ауыр түрде дамымауы (алалия), тұтығу, дизартрия, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар оқушыларға заманауи әдістер мен технологияларды қолдана отырып, логопедиялық көмек көрсету дағдыларын жетілдіру;

7) сөйлеу тілінің дамуында бұзылыстары бар: қарым-қатынас жасау және

әлеуметтік өзара әрекетте (аутизмі бар), зияты, есту қабілетінде бұзылысы бар мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі санаттарына логопедиялық көмек көрсету дағдыларын дамыту.

6. Оқытудан күтілетін нәтижелер. Тыңдаушылар:

1) әлеуметтік-педагогикалық көзқарас парадигмасында жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау тәсілдеріне нормативтік-құқықтық негіздеме беруге қабілетті;

2) командалық көзқарас принциптеріне сәйкес жалпы білім беру ұйымдарындағы балалардың білім алуға ерекше қажеттіліктерін бағалау алгоритмдері және әдістерін меңгереді;

3) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын жасау және оны іске асыру барысында педагогтер/тәрбиешілер, ата-аналармен тиімді өзара әрекеттенуге қабілетті;

4) оқуда қиындықтары бар оқушыларды логопедиялық тексеру және оның нәтижелерін талдау дағдыларын меңгереді;

5) ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін логопедиялық көмек көрсетудің жеке-дамыту бағдарламаларын жасай алады;

6) оқытуда түрлі қиындықтары бар оқушыларға логопедиялық көмек көрсетудің заманауи әдістері және технологияларын меңгереді;

7) мүмкіндігі шектеулі: қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекетте (аутизмі бар), зияты, есту қабілетінде бұзылыстары бар балалардың түрлі санаттарына логопедиялық көмек көрсетудің түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдана алады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативті.

8. Нормативтік-құқықтық модуль:

2-тақырып: Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ, кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түрде түсіндіру. Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенциясы, 1960; БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, 1989; БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясы, 2006; 1994 жылғы Саламанка декларациясы және т.б. Отандық нормативтік-құқықтық негіздеме: ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»; Жалпы білім беру (бастауыш, негізгі орта,

жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үшін жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары; ҚР БҒМ-нің № 125 бұйрығы және басқа да өзекті нормативтік құжаттар. ҚР-да инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық негізі ретінде орта білім беру мазмұнын жаңарту.

9. Психологиялық-педагогикалық модуль:

3-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар топтарының сипаттамасы: дамуында бұзылысы бар балалар (Disabilities); оқуда (бір немесе одан да көп пән бойынша) қиындықтары бар балалар, мінез-құлығында және эмоциялық проблемалары бар балалар (Difficulties); ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларында берілген ЭЫДҰ ұсынған ерекше білім беру қажеттіліктері қолайсыз – әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени жағдайларға байланысты пайда болатын балалар (Disadvantages). Даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды оқыту үдерісін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері (көзқарастары). Балалардың білім алуда ерекше қажеттіліктерін ПМПК-да бағалау.

Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың сипаттамасы. Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарының типологиясы: дисграфия мен дислексияның түрлі формалары. Есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларда, соның ішінде кохлеарлы импланты бар, зиятында бұзылыстары бар, аутизмі анықталған балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының ерекшеліктері.

6-тақырып. Оқушыларды оқытудағы қиындықтарды психологиялық-педагогикалық жүйелеу. Оқуда қиындықтары бар балаларды оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар. Оқытудағы негізгі қиындықтардың қысқаша сипаттамасы: жұмыс қабілеттілігінің төмендігі (жұмысқа баяу кірісу; тез шаршау немесе сабақта не күні бойы жұмыс қабілетінің ауытқуы); қызметті ерікті түрде реттеу, жоспарлау мен бақылаудың жеткіліксіздігі (жоғары түрде алаңдаушылық, жүріп-тұрудағы мазасыздық және импульсивтілік; тапсырманы орындауға кірісуде қиындықтар, ол жағдайда бағдарлау және мақсатты сақтау т.б.); есту-сөйлеу ақпаратын өңдеуде қиындықтар (толық және тез сөйлеуді баяу қабылдау. Мәселені түсіну үшін уақыт керек. Есту жүктемесі кезіндегі шаршау – есту зейінінің төмендеуі – сөйлеу тілін түсінудегі қиындықтар); көру арқылы және көру-кеңістіктік ақпаратты өңдеу қиындықтары (кеңістіктегіні бағдарлау және кеңістіктік қатынастарды білдіретін сөздерді түсіну қиындықтары: оңға-солға, алдында-артында; үстінде-астында. Қағаз бетіндегіні бағдарлау қиындықтары, жолдың басын табу, жолды сақтау және т.б.). Жалпы білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің балаларды оқытудағы қиындықтарын анықтау және бағалау. Білім алуда

ерекше қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалармен жеке-дамыту жұмысын жасаудың мақсаттары мен қағидаттары.

10. Мазмұндық модуль:

1-тақырып. Инклюзивті білім беру ұғымы, саясаты және әдістемесі. Даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды оқыту үдерісін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері: «кемсітушіліктің барлық түрлерін жоя отырып, көп түрлілік және әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді құрметтеумен барлығының сапалы білім алуына бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз үдеріс ретінде «инклюзивті білім беру» ұғымын заманауи түрде түсіндіру (БҰҰ, ЮНЕСКО). Инклюзивті білім берудің құндылықтары. Инклюзивті білім берудің үш аспектісі: инклюзивті мәдениет, инклюзивті саясат, инклюзивті тәжірибе. Инклюзивті білім берудің әдіснамалық негізі ретінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың білім беру процесін ұйымдастырудың жүйелі тәсілі, әлеуметтік-педагогикалық моделі.

4-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттіліктердің сипаттамасы. Айырықша ерекшеліктер салдарынан, туа біткен немесе жүру пайда болған бұзылыстар, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларынан туындаған оқу үдерісі барысында көмек пен қызметтерге қажеттілік ретінде білім беруде ерекше қажеттіліктерді анықтау. Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы және оларды жалпы білім беру жағдайында қанағаттандыруды нормативтік тұрғыдан қамтамасыз ету: 1) оқу жоспары және оқу бағдарламаларын өзгерту; 2) оқытудың вариативтік, арнайы және баламалы әдістерін пайдалану; 3) оқу нәтижелерін (оқушының жетістіктерін), критерийлер мен бағалау материалдарын бағалау тәсілдерін өзгерту; 4) оқулықтар, оқу құралдарын тандау, жеке оқу материалдарын дайындау; 5) оқыту нысанын тандау; 6) кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу; 7) баланы қажетті компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету; 8) арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету (логопед, психолог, арнайы педагог: олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, педагог-ассистент, әлеуметтік педагог); (Психологиялық-педагогикалық қолдау қағидалары, ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы). Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру балалардың білім алуы үшін ерекше жағдайлардың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін іске асыруды нормативтік, әдістемелік қамтамасыз ету. Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайларды ұйымдастыру.

ЕБҚ-ны ескере отырып, оқушылардың білім алуы, пәндік-дамыту ортасы және оларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру: мектеп ортасының жағдайына қойылатын талаптар. Оқушыны қолдау барысында отбасының әлеуетін пайдалану. Қажетті түрдегі мектеп ішіндегі ортасын құру, білім беру үдерісіне қатысушылардың қызметтік міндеттемелерін орындау бойынша әкімшілік пен педагогикалық ұжым қызметінің негізгі бағыттары.

Қолайлы орта жасау бойынша мектеп жұмысының негізінде күтілетін нәтижелер.

11. Технологиялық модуль.

5-тақырып. Білім беруде ерекше қажеттіліктерді бағалау және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау алгоритмі («12 қадам»). ПМПК қорытындысына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау. Педагогтар/тәрбиешілердің және қолдау мамандарының балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың кезекті кезеңдері мен құралдары. Педагогтар/тәрбиешілердің және мамандардың білім беру қажеттіліктерін бағалау және балаларды қолдау (командалық тәсіл) барысындағы өзара әрекет етуінің (ынтымақтастық жағдайда) ерекшеліктері. Қолдау мамандарының құжаттамасы. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдауды ұйымдастыруға деңгейлік көзқарас. Қолдаудың бір деңгейінен екінші деңгейіне өту.

Методы, методикалық исследования письма и чтения: выявление специфических ошибок, связанных с нарушением слухоречевых, зрительных, зрительно-пространственных, кинестетических и кинетических функций.

Анализ результатов логопедического обследования, квалификация

7-тақырып. Оқуда және/немесе мінез-құлығында қиындықтары бар балаларды логопедиялық тексеру. Мектеп жасындағы балаларды логопедиялық тексерудің мақсаты, міндеттері мен кезеңдері. Логопедиялық тексеру қағидаттары: кешенді көзқарас және сөйлеу тілі қызметінің барлық жақтарын жан-жақты зерттеу; тұтас және жүйелілік тәсілдері (ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бірінші және екіншілік бұзылыстарын белгілеу); балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру; сөйлеудің барлық жақтарын зерттеу нәтижелерін сапалы түрде талдау. Дыбыстап айту, буындық құрылым, фонематикалық қабылдау, дыбыстық талдау және синтез, лексикалық құрам, грамматикалық құрылым, фразалық және байланыстыра сөйлеу тілін зерттеу әдістері, әдістемелері. Жазу мен оқуды зерттеу әдістері мен әдістемелері: есту-сөйлеу тілі, көру, көру-кеңістіктік, кинестетикалық және кинетикалық қызметтердің бұзылыстарымен байланысты ерекше қателерді анықтау.

Логопедиялық тексеру нәтижелерін талдау, сөйлеу тілінің бұзылыстарының жіктемесі, психологиялық-педагогикалық жүйелеуге сәйкес олардың оқу қиындықтарының сипатына әсерін анықтау. Оқудағы қиындықтардың көріністері, олардың себептері, сипаты (түрі) және мектептегі үлгермеушілікті жеңу бойынша жеке-дамыту жұмысының сәйкес келетін бағыттары туралы логопедиялық қорытынды (логопедтің ұсынысы) және жиынтық сипаттама жасау. Логопедиялық тексеру нәтижелерін құжаттамаға салу: сөйлеу картасы, логопедтің ұсыныстары.

8-тақырып. Логопедтің ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған жеке-дамыту бағдарламаларын жасауы:

дамыту жұмысының бағыттарын анықтау және нақты мақсаттарды күтілетін нәтижелер ретінде тұжырымдау. Білім алушылармен логопедиялық жұмыстың мазмұнын әзірлеу: нақты әдістер, тәсілдер, жаттығулар мен тапсырмаларды таңдау және сипаттау.

9-тақырып. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен жеке-дамыту жұмысының мақсаты, міндеттері мен қағидаттары: сыныпта оқудағы қиындықтарды жеңуге жеке-дамыту жұмысының бағыты; тұлғалық бағдарлау және жеке көзқарас; онтогенетикалық көзқарас (сөйлеу тілі онтогенезіне сәйкес компоненттерді қалыптастыру кезектілігі); баламен жұмыс істеудің негізгі тәсілі ретінде әлеуметтік, коммуникативтік бағыт; сабақтастық әртүрлі бағыттағы мамандардың және сынып мұғалімінің оқушымен жұмыс істеудегі мақсаттар, тәсілдер, талаптардың бірлігі; баламен дамыту жұмысына ата-аналарды белсенді тарту.

Логопедпен сабақ өткізу шарттар мен талаптар: білім алушыға арналған бағдарламаның қолжетімділігі (оның міндеттері баланың жақын арада даму аймағын ескере отырып қойылуы керек); оқу бағдарламасын меңгеру барысында қиындықтарды туындататын сөйлеу тілінің бұзылыстарын жоюға бағытталғандық; балаларға сабақтарда психологиялық жайлылық жағдайын жасау; балалар мен ата-аналардың олардың пікірлерін ескеру мақсатында проблемалар, күшті жақтар және баланың әлеуетін жақсы түсіну үшін арнайы және дамытушы жабдықтарды пайдалану; даму жұмысының бағдарламасын әзірлеу кезінде ата-аналардың сұраныстарын ескеру және олармен ынтымақтастық пен серіктестікті дамыту.

10-тақырып. Мектепте оқуда қиындықтары бар балаларға логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары. Сөйлеу тілінің түрлі компоненттерін логопедиялық тұрғыдан түзетудің дәстүрлі әдістері: фонетикалық-фонематикалық, лексикалық-грамматикалық жақтары, фразалық және байланыстыра сөйлеу тілі, жазылым және оқуылым; сөйлеу тілінде ауыр түрде бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеудің арнайы әдістері, балама әдістері (жаһандық оқу әдісі, нейропсихологиялық әдістер).

11-тақырып. Сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары бар балаларға (сөйлеу тілінің ауыр түрдегі бұзылыстар (алалия), тұтығу, дизартрия, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар) логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары.

12. Вариативті модуль.

12-тақырып. Сөйлеу тілінің дамуында бұзылыстары бар мүмкіндіктері шектеулі балалардың әртүрлі санаттарына (қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекеттесу (аутизмі бар), зияты, есту қабілетінде бұзылыстары бар) логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

13. Курстық оқытудың ұзақтығы Бағдарлама тақырыбына сәйкес 72 академиялық сағатты құрайды.

Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтан (онлайн) оқыту форматында жүзеге асырылады.

14. Білім беру процесі оқытудың мынадай интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтық және жұптық практикалық жұмыс, топтардағы тренинг, шеберлік класы, кейс әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу.

15. Логопедтердің Бағдарламаның мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: кейіннен талқылау және рефлексиялаумен топтарда жұмысты кеңінен қолдану; құжаттармен жұмыс; кейіннен ұжымдық жұмыстарды таныстыру шағын топтарда теория мен кейс-стадидің негізгі мәселелерін талқылау психологтардың командалық жұмыстарының тұсаукесері және тренингі қарастырылған.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

16. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегілерді қамтиды:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) логопедтің ерекше білім беру қажеттіліктерін терең бағалау мен нәтижелерін талдауға арналған үлестірілген материалдар. Логопедиялық көмек көрсету бойынша жеке-дамыту бағдарламаларын жасау және нәтижесін көрсететін үлестірілген материалдар;

3) мектеп ішіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі логопедінің жұмысын ұйымдастыратын және оның жұмысының мазмұнын ашатын құжаттама пакеті: логопедтің жылдық жұмыс жоспары; апта сайынғы жоспарлау, сабақта оқушыны бақылау және тәжірибелік-психологиялық тексеру хаттамалары; логопедиялық ұсыныс (қорытынды); жеке-дамыту бағдарламасы: дамыту жұмысының бағыттары және түзете-дамыту бағдарламасының мазмұны: дамыту жұмыстарының әдістері, әдістемелері, тәсілдері, құралдары;

4) оқытуда түрлі қиындықтары бар балаларға арналған жеке-дамыту бағдарламаларының үлгілері;

5) тыңдаушылармен кері байланыс парақтары, қорытынды бақылау және өздік жұмыс материалдары. Бағдарламада өздік жұмыстың мынадай түрлері көзделген: «Мәселелерді командалық шешу» тақырыбы бойынша топтық тренингтің нәтижелері жөнінде қысқаша рефлексивті есеп; «Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі логопеді қызметінің алгоритмі» тақырыбы бойынша тұсаукесер; жеке-дамыту бағдарламасын жасау және оның мазмұнын әзірлеу бойынша бақылау жұмысы: технологиялар, әдістер, жұмыс тәсілдері. Қорытынды сынақ жұмысы тестілеу форматында өткізіледі: біліктілікті арттыру курсының негізгі тақырыптары бойынша тест сұрақтары.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

17. Тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыру және білімдерін бағалауды бақылау мақсатында: экспресс-сауалнамалар, өздік жұмыстар, қорытынды бақылау жұмыстары жүргізіледі. Өздік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс үшін сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

18. Тыңдаушылардың бойында кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау, Бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы бақылау жұмысын (өздік жұмыстар, сауалнама парақтары және т.б.) әзірлейді. Кері байланыс жасау үшін Бағдарламаның әрбір тақырыбы аумағында қорытынды бақылау жұмысы орындалады. Алынған кері байланыс негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материал (құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар тізімі, бейне материалдар және т.б.) таңдалады, Бағдарлама мазмұнына қосымша түсіндірулер жүргізіледі. Қорытынды бақылау жұмысын орындау мынадай критерийлерге сәйкес бағаланады: орындалған жоқ (дұрыс жауаптар ұсынылған жоқ), ішінара орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан аз), орташадан жоғары орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін), толықтай орындалды (дұрыс жауаптар 70-100% аралығында). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың кемінде 70% жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі қолдау кезеңінде кеңестер мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі қолдау

19. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

- жеке, топтық кеңес беру (оның ішінде бейнеконференция режимінде);
- мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалану арқылы әдістемелік және нормативтік-құқықтық қолдау;
- әдістемелік тақырыптық семинарлар (оның ішінде вебинарлар);
- дөңгелек үстелдер.

20. Курстан кейінгі қолдау үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – курсанттардың психологиялық диагностика жүргізу нәтижелерін талдау және талқылау мақсатында әдістемелік семинар және топтық консультация: баланы мектепте оқытудағы қиындықтардың түрі мен сипатын анықтау; Zoom платформасы негізінде оның ерекшеліктері мен ресурстарын белгілеу.

Екінші кезең – оқуда қиындықтары бар білім алушыларға арналған жеке-дамыту бағдарламасын құрастыру нәтижелері бойынша Zoom және WhatsApp платформалары негізінде жалпы вебинар және жеке кеңес беру.

Үшінші кезең – жеке-дамыту бағдарламасы бойынша түзете-дамыта

оқыту нәтижелерін топтық талқылау түріндегі рефлексивті есеп және дөңгелек үстел. Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға психологиялық дамытушылық көмек көрсетудегі кәсіби құзыреттіліктердің дамуын талдау және бағалау.

10. Негізгі әдебиеттер тізімі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (7.03.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен).

2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Заңы (2021 жылғы 26 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен).

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚР Заңы.

4. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы – ҚР Үкіметінің 03.06.2020 № 346 қаулысының редакциясында.

5. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 ж. № 121 бұйрығының редакциясында).

6. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

7. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

8. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балаларға және ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. 2-қосымша. Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

9. «Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы.

10. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы

білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

11. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

12. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

13. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолог-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе.–Алматы. 2019. [<https://www.special-edu.kz/> электрондық ресурс].

14. Психолого-педагогическая поддержка школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе (уровневый подход): әдіст. ұсынымдар/ Елисеева И.Г., Аханова Ж.Б.. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2020 [<https://www.special-edu.kz/> электрондық ресурс].

15. Ерсарина А.К. Организация деятельности логопедического пункта: әдістемелік ұсынымдар – Алматы: ТП ҰҒПО, 2017.

16. Глухов В.П. Основы специальной педагогики и специальной психологии: ОКБ арналған оқулық / В.П.Глухов. — 2-ші бас., түз. және тол. — М.: Юрайт, 2019.

17. Соловьева Л.Г. Логопедия: ОКБ арналған оқулық және практикум / Соловьева Л.Г., Градова Г.Н.. — 2-ші бас., түз. және тол. — М.: Юрайт, 2019.

18. Методы обследования речи у детей /Құраст. Т.П. Бессонова, И.Т. Власенко мен Г.В. Чиркинаның жалпы редакциясымен. – М., 1992. 1-б.

19. Волкова Г.А. Психолого-логопедическое исследование детей с нарушениями речи. – СПб., 1993.

20. Ефименкова Л.Н., Мисаренко Г.Г. Организация и методы коррекционной работы логопеда на школьном логопункте: логопедке арналған оқулық. – М., 1991.

21. Письмо и чтение: трудности обучения и коррекции/Под ред. О.Б.Иншаковой. – М., 2003.

22. Нарушение чтения и письма у младших школьников. Диагностика и коррекция – Ростов н/Д., –2004.

23. Поварова И.А.Логопедия: нарушения письменной речи у младших школьников. М.: Юрайт, – 2020.

Қосымша әдебиеттер тізімі

24. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласындағы саясат және практикалық қызмет қағидадары туралы» Саламанка декларациясы, 1995.

25. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и

инклюзивного образования. Главы из книги. М.: РООИ «Перспектива».- 2011 г. 138 с. [Электронный ресурс <https://dogmon.org/devid-mitchell-effektivnie-pedagogicheskie-tehnologii-speciale.html>].

26. Стратегии командного сотрудничества в реализации инклюзивной практики образования. Сборник материалов. – М.: РООИ «Перспектива». – 2012. – 115 с.

27. Қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді негізде мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. КЕАҚ, Астана, 2015 ж. [<https://nao.kz/> электрондық ресурсы].

28. Айдарбекова А.А., Ермекбаева Л.Х., Дербисалова Г.С., Самигулина З.Р. Формирование позитивного психологического климата в инклюзивном классе общеобразовательной школы. – Алматы: ННПЦ КП, – 2016 г.

29. Корнев А.Н. Дислексия и дисграфия у детей. – СПб., 1995.

30. Прищепова И. В. Логопедическая работа по формированию предпосылок усвоения орфографических навыков у младших школьников с общим недоразвитием речи. – М.: Юрайт, 2020.

31. Артпедагогика и арттерапия в специальном и инклюзивном образовании: учебник для СПО/ Медведева Е.А. [и др.]; под ред. Е.А. Медведевой. – 2-е изд., испр. и доп. — М.: Юрайт, 2017.

32. Семенович, А.В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте: Учебное пособие для высших учебных заведений// А.В. Семенович. – М.: Издательский центр «Академия», 2002.

33. Соколовская Т.А. Особенности речевого развития детей после кохлеарной имплантации. //Специальное образование, 2013, №2.

34. Прищепова И. В. Логопедия: дизорфография у детей. – М.: Юрайт, 2020.

35. Сикорский, И. А. Заикание: учеб. пособие/ Сикорский И.А., Шевцова Е.Е. – 2-е изд. – М. : Юрайт, 2019.